

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Спорт факультеті

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама деңгейі	• Бакалавр
Білім беру саласының коды мен атауы	• 6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды мен атауы	• 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
ББ тобының коды мен атауы ББ коды мен атауы	• B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау • 6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP)
ББ түрі Инновациялық ББ	• Инновациялық ББ

Дайындаған: А.Алтынбеков

Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Қазіргі таңда 6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP) білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2010 жылы бекітілген № 0137408 санды мемлекеттік лицензиясының қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз.

ББ мақсаты	Берілетін дәреже	Кәсіби қызмет саласы	Кәсіби қызмет объектісі
"Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламасының мақсаты әлемдік стандарттар деңгейінде дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт жаттықтырушыларын даярлау арқылы қоғамды сауықтыру және сапалы білім беруді қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасының тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады.	«6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP)» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.	«6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP)» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.	Кәсіби қызмет нысандарына орта білім беретін оқу орындары: мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік білім беру мекемелері (мектепке дейінгі, мектеп, техникалық және кәсіптік білім беретін, орта білімнен кейінгі оқу орындары), балалар спорт мектептері мен клубтары; мемлекеттік мекемелер, дене шынықтыру мен спорттық қызметті басқару ұйымдары болып табылады.

Бұл «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады. Бұл білім беру бағдарламасы ұлттық болғандықтан, ондағы сипаттамалық мәтіндерде нақты ақпарат жоқ, бірақ жалпы педагогикалық қағидаттар мен тақырыптар қамтылған.

«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы (БББ) - бұл білім беру мекемелерінде (мектептерде, колледждерде, гимназияларда) дене шынықтыру мен спортты оқытуға маманданғысы келетін мұғалімдерді жұмысқа кіріспес бұрын даярлау бағдарламасы. БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық кредит міндетті компоненттен және 114 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

Пәндік компонент 6 модульден тұрады: «Нысанды бақылаумен негізгі қозғалыс дағдылары» (ойын қозғалыс дағдылары), «Денені бақылаумен негізгі қозғалыс дағдылары» (күрделі қозғалыс дағдылары), «Әртүрлі ортада негізгі қозғалыс дағдылары» (циклді қозғалыс дағдылары), «Дене шынықтыру және спорттың табиғи-ғылыми негіздері»,

«Спорт және бапкерлік қызмет», «Физикалық даму, психикалық әл-ауқат және қолданбалы зерттеулер».

БББ дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт бапкерлерін даярлауға бағытталған. БББ тұлғаға бағдарланған және құзыреттілікке бағдарланған тәсілдерді іске асыруға бағытталған құзыреттердің жаңартылған педагогикалық және пәндік салаларын қамтиды. Барлық құзыреттер оқыту мазмұнына сәйкес келетін жалпы (жалпы мәдени) және кәсіптік (педагогикалық және пәндік) салаларға топтастырылған. Бағдарламаны игеру нәтижесінде болашақ мұғалімдер педагогика, дидактика және дене шынықтыру мен спорттың жаратылыстану негіздері саласында негізгі білімге ие. Олар кәсіби даму үшін білім беру, спорттық және ғылыми ортада сындарлы түрде өзара әрекеттесе алады және жеке айырмашылықтарға, қажеттіліктер мен мүмкіндіктерге негізделген дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізе алады. Болашақ спорт педагогтары салауатты және белсенді өмір сүру салтын насихаттай алады. Академиялық курстар мен олардың мазмұны халықаралық тәжірибені талдау негізінде жаңартылды, ал таңдау бойынша курстар саны ұлғайтылған болады, ол болашақ мұғалімдерге оқу траекториясын өздерінің қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметтің дамуына сәйкес таңдау жасауға мүмкіндік береді немесе бапкерлік қызметке назар аударуды қалайтын болашақ мұғалімдер дене шынықтыру және сауықтыру пәндерін таңдау мүмкіндігін иеленеді.

БББ болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттылық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық дескрипторларына сәйкес келеді.

БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, бағдарлама болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.

**Құзыреттілікке
негізделген
педагогикалық
білім беру:**

Педагогтың құзыреттілігі педагогика саласындағы және оның пәндік саласындағы құзіреттілігін әр түрлі қызмет жағдайында оқытудың теориялық және практикалық құзыреттілігімен біріктіреді. Мұғалім өз пәніне қажетті білім мен дағдыға ие, сондықтан бір пәнді оқитын жастар мен ересектерге білім беріп, бағыт-бағдар бере алады.

Мұғалімнің құзыреттілігі жоспарлауға, бағыттауға, оқытуға және бағалауға бағытталған. Сондықтан мұғалімнің оқыту және құзыреттіліктерін дамыту бойынша жеткілікті теориялық білімі болуы керек. Сонымен қатар, бүгінгі еңбек ету саласында ынтымақтастық пен байланыс құруға, дағдыларды дамытуға, өзінің және айналасындағылардың әл-ауқатын қолдау мен сақтауға баса назар аударылады.

Мұғалімнің құзыреттілігіне еңбек нарығындағы, білім беру құрылымындағы, жалпы қоғамдағы өзгерістер әсер етеді; осы элементтердің барлығы мұғалім жұмысының қарқынды сипатын көрсетеді. Жұмыс жағдайында болатын түрлі құбылмалы өзгерістер мұғалімнің өз қызметін бағалай алу мен реттей алу қабілетіне көңіл аудартады. Өзін-өзі бағалау дағдысы кәсіби тұлғаны дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұғалімдер үнемі құндылықтарға негізделген шешімдер қабылдайды, бұл кәсіби этика мәселелерін қарастыру қажетті кәсіби дағдылардың бірі екенін білдіреді. Өзгерістер сарапшылық білімді дамытуды, үйрену қабілетін, сондай-ақ реформалау және қоғамдағы жұмыс істеу әдістерін жаңартып отыруды талап етеді.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы



Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) жүйесінің алтыншы деңгейіне жатады.



КАДР ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ



6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP) ББ атрибуттары



Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіби стандарттары (2025 ЖЫЛҒЫ 24 АҚПАН №31 БҰЙРЫҚ)

Қызметтік функция 1

Нормативтік реттеушілік функция

Педагогтардың кәсіби қызметіне қойылатын бірінғай талаптарды анықтайды

Біліктілік деңгейлері мен құзыреттіліктерді нақтылайды

Еңбек функцияларын белгілейді

Қызметтік функция 2

Ұйымдастырушылық-функционалдық функция

Педагог қызметінің құрылымын, негізгі міндеттері мен рөлдерін жүйелейді

Оқыту, тәрбиелеу, дамыту, диагностикалау, әдістемелік жұмыс сияқты бағыттарды анықтайды

Қызметтік функция 3

Бағалау және мониторинг функциясы

Педагогтердің кәсіби деңгейін бағалауға негіз болады

Аттестация, біліктілік санатын беру, қызмет нәтижелерін талдау үшін критерийлер ұсынады

Қызметтік функция 4

Кәсіби даму функциясы

Педагогтің үздіксіз дамуына бағыт бағар береді

Қажетті құзыреттерді жетілдіру бойынша бағдар ұсынады

Спорттық секцияларда жаттықтыруларды және оқытуды ұйымдастыру

Қызметтік функция 1

Жоспарлау функциясы

- Жылдық, айлық және күндік жаттығу жоспарын құру
- Спортшылардың жасына, деңгейіне және мақсаттарына сай бағдарламаны дайындау

Қызметтік функция 2

Ұйымдастыру функциясы

- Жаттығу өтетін орынды дайындау спорттық құрал-жабдықтарды реттеу, топты жинау және жаттығу процесін дұрыс ұйымдастыру

Қызметтік функция 3

Оқыту функциясы

- Спорт техникасын, қимылдарды, тактиканы үйрету
- Жаттығуларды көрсету, түсіндіру және дұрыс орындауға бағыттау

Қызметтік функция 4

Бақылау және бағалау функциясы

- Спортшылардың нәтижесін, дене дайындығын және даму динамикасын қадағалау
- Қателерді түзету жетістіктерін бағалап, ары қарайғы жоспарды реттеу

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіби стандарттарының Еңбек функциялары

Оқу тәрбие процесін жүзеге асыру

Сабақ жоспарлау, оқытудың әдістерін таңдау, оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдастырылуы.

Педагог білім алушылардың жеке қасиеттерін ескеріп, инклюзивті, көпмәдениетті білім беру тәсілдерін қолдану.

Цифрлық технологияларды пайдаланып оқытуды ұйымдастыру-заманауи педагогикалық қызметтің бір бөлігі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау (мониторинг жүргізу)

Педагог білім алушылардың жеке қасиеттерін ескере отырып, мониторингтеу міндетін атқарады.

Бағалау құралдарын, тест, тапсырмалар, әзірлеу, мониторинг деректерін талдау бұл да педагогтың құзыреттеріне кіреді

Мониторинг нәтижелерін пайдаланып, білім алушылардың білімін жақсарту үшін оқытуға түзетулер енгізіледі, қолдау көрсетіледі.

Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру

Әдістемелік материалдар, сабақ жоспарлары және оқу ресурстарын әзірлей отырып, оқу бағдарламалары мен жоспарларын іске асырады.

Ғылыми зерттеу жүргізу және жарияланымдар дайындау. педагогикалық әдістерді таңдауды негіздеп, әдістемелік жұмыстарға қатысады.

Тәрбие процесін жүзеге асыру

Білім алушылардың тұлғалық дамуына бағытталған тәрбие іс-шараларын ұйымдастырып, тәрбиелік орта қалыптастырады

Оларды құндылықтарға баулиды және мінез-құлық мәдениетін дамытуға ықпал етеді

Спорттық секцияларда жаттықтыруларды және оқытуды ұйымдастырудың Еңбек функциялары

Оқу жаттығу процесін
жоспарлау

Спортшылардың жасына және дайындық деңгейіне сай жаттығу бағдарламаларын әзірлеу. Бұл жоспарлар жаттығу жүктемеін тиімді кезеңдеп, оқу процесінің құрылымын анықтайды.

Жаттығу сабақтарын өткізу

Техникалық, тактикалық және дайындығына қатысты жаттығулары жүргізіледі.

Сабақ барысында қауіпсіздік талаптары сақталады.

Дайындық деңгейін бақылау
және бағалау

Спортшылардың нәтижелері мен даму қарқыны тексеріледі.

Бағалау негізінде жаттығу бағдарламаласына түзетулер енгізеді.

Ұйымдастыру және
тәрбиелік жұмыс

Жарысуға қатысумен құжаттар реттеледі.

Спортшылардың тәртібі мен мотивациясы қалыптастырады.

Жұмыс берушілердің ұсыныстары



Түлектердің ұсыныстары



Шәкіртжанды



Технологияны жақсы
меңгерген



Әділ



Білікті



Толерантты



Креативті

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

	1-курс	2-курс	3-курс	4-курс
Грант	39	35	174	34
Грант ҚХҚҚ			1	
Квота	5	25	16	37
ТТЕ грант			1	
Ақылы негізде	12	10	33	33
Барлығы:	56	70	225	104

ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі (1 қосымшаға сәйкес)

6B01425-Дене шынықтыру және спорт (ІР)

ББ бойынша ППС саны	Ғылыми дәрежесі бар ППС саны	Бейіні бойынша ППС саны	Жалпы ғылыми дәреже %
51	38	13	50%

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

Бітірушілер саны	Жұмысқа орналасқаны	Декретте	Оқуын жалғастырғандар	Пайызы
2023-2024 оқу жылында -91	64	3	3	71%
2024-2025 оқу жылында - 55	29	-	-	54%

ББ – оқу – әдістемелік қамтамасыз етілуі (1 қосымшасына сәйкес)

ББ атауы	Оқытылатын пәндер саны	Оқу әдебиеті	Оқу әдістемелік ғылыми әдебиет	Цифрлық тасымалдағыштар
6B01425-Дене шынықтыру және спорт (IP)	53	53	45	100%

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

Бітірушілер саны	Жұмысқа орналасқаны	Декретте	Оқуын жалғастырғандар	Пайызы
2023-2024 оқу жылында -91	64	3	3	71%
2024-2025 оқу жылында - 55	29	-	-	54%

SWOT талдау

S (strenght) – Күшті жақтары	W (weakness)–Әлсіз жақтары	O (opportunity)	T(threat)
- түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғары болуы; -олимпиадалардан орын; -тәжірибеге бағытталған оқыту; - ББ бойынша бөлінетін мемлекеттік гранттар санының артуы.	- академиялық ұтқырлығының төмен деңгейі; - ғылыми кадрлардың қартаю үрдісі; - бітіруші түлектердің магистратура және доктарантура жалғастырмауы;	- халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері; - түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы;	абитуриенттердің базалық даярлық сапасының төмендеуі; - білім беру нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуы.

Оқыту нәтижелері

ОН 1– Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіруге, Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарын талдауға, табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми түсінуді, қоғамдық сана мен өнеркәсіптік өндірісті экологияландыруды, табиғатты ұтымды пайдалануды және мемлекеттің тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мәнмәтінінде қауіпсіз өмір салтын қамтамасыз ететін дүниетанымдық ұстанымдар мен философия білімі негізінде қоршаған болмысты бағалауға қабілетті.

ОН 2- Әлеуметтік-саяси, экономикалық, құқықтық білім, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен кәсіпкерлік дағдылар негізінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және әдеп нормаларына сәйкес өзінің ақылақтық және азаматтық ұстанымын дамытуға, сондай-ақ жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетуге қабілетті.

ОН 3 – Зерттеу әдіснамасын таңдауды жүзеге асыруға, жаңа білім алу үшін әртүрлі ғылыми әдіс пен тәсілді қолдануға және өз қызметінде әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияның түрін: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және таратуға арналған бұлтты және мобильді қызметтерді қолдануға қабілетті.

ОН 4 – Тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіптік қатысымдылықтың әртүрлі саласында қазақ, орыс және шетел тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда қарым-қатынас жасауға және сындарлы қарым-қатынас құра отырып және жаһандық кәсіптік білім беру қоғамдастығына қатыса отырып, түрлі кәсіптік желілік қауымдастықтарда офлайн және онлайн жұмыс істеуге қабілетті.

ОН 5 – Білім алушылардың әртүрлілігін ескеріп, олардың психологиялық игілігін қамтамасыз ете отырып және оқытуды қолдау үшін әртүрлі цифрлық ресурсты пайдаланып, базалық психологиялық-педагогикалық, жаратылыстану-ғылыми және пәндік-әдістемелік білім негізінде оқыту процесін білім беру ортасының әртүрлі типінде педагогикалық маңызды түрде әзірлеуге, енгізуге, бағалауға және дамытуға қабілетті.

ОН 6 – Адамның физикалық, психикалық, психомоторлық дамуының өзара байланысын, физикалық дайындықтың шаршау мен эмоционалдық күйзеліске орнықтылығына әсерін білу негізінде тұлғаның спорттық іс-әрекеті мен физикалық белсенділігін психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыруға; сабақ барысында және жарысқа дайындық кезінде шұғылданушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруге; арнайы жаттығу және жарыстық үрдістер кезінде қалжырау, психологиялық зорығу, күйзеліс, эмоционалдық күйіп кету белгілерін анықтауға; психикалық жағдайларды оңтайландыру үшін өзін-өзі реттеудің психотехникасын үйретуге қабілетті.

Оқыту нәтижелері

ОН 7 – Адам ағзасының жұмыс істеуінің анатомиялық, физиологиялық, биомеханикалық негіздерін, жарақаттар мен аурудан кейінгі алдын алу мен оңалтуды білу негізінде олардың тиімді тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін әртүрлі жыныстағы және жастағы адамдардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың игілігін дене шынықтыру және спорт құралдарымен қолдауға қабілетті.

ОН 8 – Спортпен шұғылданатындар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар контингентінің жыныстық-жас және жеке айырмашылықтарын ескере отырып, оқу, сауықтыру және оқу-жаттығу сабақтарын жоспарлауға, ұйымдастыруға және өткізуге, тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін және сабақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін білім беру және спорттық-жаттығу ортасы мен жағдайларын құруға қабілетті.

ОН 9 – Шұғылданушылардың жыныстық-жас, жеке айырмашылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, спорт түрлері бойынша жарыстарды, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық-бұқаралық іс-шараларды және басқа да қозғалыс рекреациясының түрін жоспарлауға, ұйымдастыруға және өткізуге, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті.

ОН 10 - Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылардың оқыту, дайындық және жаттығу нәтижелерін жыныстық-жас, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, сондай-ақ спорттық біліктілік деңгейіне сәйкес бағалауға қабілетті.

ОН 11 – Пәнаралық деңгейді қоса алғанда, дене шынықтыру және спорт саласында қолданбалы зерттеулерді өздігінен бастауға және жүргізуге, зерттеу әдіснамасы мен ғылыми әдеп негізінде зерттеулердің дизайнын құрастыруға, спортшылардың дене шынықтыру, техникалық, тактикалық, теориялық және басқа да даярлық түрлерінің көрсеткіштерін өлшеу мен бақылаудың метрологиялық негізделген құралдары мен әдістерін қолдануға, зерттеу нәтижесін жұртшылыққа көрнекілендіруге және ұсынуға қабілетті.

ОН 12 - Өзінің физикалық денсаулығы мен қозғалыс белсенділігіне, нутрициологияға қамқорлық жасаумен байланысты тәжірибеде мақұлданатын және іске асырылатын мінез-құлық нормаларын, дене шынықтыру мен спортқа оң мотивациялық- құндылық қатынасын қалыптастыруға; салауатты өмір салты және дене шынықтырумен өз бетінше айналысу арқылы өзінің толыққанды кәсіби және әлеуметтік қызметін қолдауға және қамтамасыз етуге қабілетті.

Базалық пәндер циклі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТ

№	Пәндер атауы	Пән кредиті
1	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары	4
2	Білім туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	3
3	Инклюзивті білім беру ортасы	3
4	Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	3
5	Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту	4
6	Оқыту әдістері мен технологиялары	5
7	Бағалау және дамыту	4
8	Педагогикалық зерттеулер	4

Бейіндеуші пәндер циклі

ПӘНДІК КОМПОНЕНТ

№	Пәндер атауы ЖК	Пән кредиті
1	Балалар-жасөспірімдер спортында спорттық дайындық процесімен басқару	5
2	Таңдаған спорт түрінің теориясы және әдістемесі	5
3	Гимнастика оқыту әдістемесімен-1	5
4	Гимнастика оқыту әдістемесімен-2	5
5	Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен	7
6	Жүзу оқыту әдістемесімен	3
7	Шахмат оқыту әдістемесімен	7
8	Адам мен дене шынықтыру жаттығуларының функционалды анатомиясы	5
9	Дене тәрбиесі және спорт түрлері негіздерімен адам физиологиясы	3
10	Спорттық ойындар оқыту әдістемесімен (футбол, гандбол)	5
11	Спорттық ойындар оқыту әдістемесімен (баскетбол, волейбол)	6
12	Қимылды және ұлттық ойындар	6
13	Дене шынықтыруды оқыту әдістемесі	6

Бейіндеуші пәндер циклі ПӘНДІК КОМПОНЕНТ

№	Пәндер атауы ТК	Пән кредиті
1	Дене шынықтыру жаттығуларының қолданбалы физиологиясы	5
2	Адам қозғалысы мен дене шынықтыру жаттығуларының биомеханикасы	
3	Дене шынықтыруда және спортта физикалық дамудың және функционалды дайындығының мониторингі	5
4	Спортта тестілеу және баптау	
5	Дене шынықтырумен және спортпен айналысу процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау	7
6	Спорттық медицина мен оңалту негіздері	
7	Емдік дене шынықтыру және массаж	
8	Қолданбалы кинезиология	6
9	Дене шынықтыру мен спорт психологиясы	
10	Спортта өзін-өзі реттеу психологиясы	
11	Спорт және жарыс этикасы	

№	Пәндер атауы ТК	Пән кредиті
12	Таңдалған спорт түріндегі физикалық дайындығы және баптау	6
13	Таңдалған спорт түріндегі техникалық-тактикалық дайындығы	
14	Дене шынықтыруда және спортта қолданбалы зерттеу	5
15	Зерттеу нәтижелерін визуализациялау және елестету	
16	Спорттық метрология	5
17	Сауықтыру-рекреативті дене шынықтыру	
18	Дене шынықтырудың балама түрлері	
19	Мектепте жұмысқа қабілеттілігіне және демалысына арналған дене шынықтыру	7
20	Бейімделетін дене шынықтыру	
21	Бейімделетін спорттың теориясы және әдістемесі	
22	Сауықтыру және спорттық нутрициология	

Ахмет Ясауи университетінің Білім беру бағдарламалары рейтингі
(2023-2024-2025 жылдар) (ҚР “Атамекен” ұлттық кәсіпкерлер палатасы)

№	Білім беру бағдарламасы	Рейтингтегі орны мен ЖОО саны									ББ көрсеткіштері 2022/2023						
					2023	Салыстырмалы позиция	2024	Салыстырмалы позиция	2025	Салыстырмалы позиция	Медианалық еңбекақы (теңге)	Жұмыспен қамтылу деңгейі (%)	Жұмыс іздеу ұзақтығы (ай)	Түлектердің мансаптық перспективасы бағасы	Сараптамалық бағалау бойынша бағасы	Статистикалық деректер және студент жетістіктері бойынша бағасы	Жалпы бағасы
											10 %	54 %	12%	49%	41 %	16 %	100 %
1.	Физическая культура и спорт В005		-	-	25/35	-	15/39	Λ	28 / 37	Λ	302 584 тенге	91	2,86	1,314	Қанағатқ	0,047	2,423

Рейтинг образовательных программ ВУЗ-ов РК и университета Ахмеда Ясави (Национальная палата предпринимателей РК «Атамекен» 2023,2024, 2025 гг.)

№	Образовательная программа	Место в рейтинге и кол-во ВУЗ-ов									Показатели ОП в 2023,2024,20025														
					2023	срав. п	2024	срав. п	2025	срав. п.	Медианная заработная плата (тенге)	Уровень трудоустройства (%)		Продолжительность поиска работы (месяцы)		Итог по блоку "Карьерные перспективы"		Итог по экспертной оценке		Итог по стат. данным и достижениям обучающихся		Итоговый балл			
10 %	54 %	12%	49%	41 %	16 %	100 %																			
																							2025		
Образование																									
	Физическая культура и спорт		-	-	25/35	-	15/39	^	28 / 37	^	302 584 тенге	12 63 44, 25	84	70,59	3,86	3,4 2	2,0 2	1,3 14	0,5 1	0,6	0,57	0,047	3,0 9	2,5	

Білім беру бағдарламасын ұйымдастыруға қатысқан жұмыс берушілер тізімі

Жұмыс беруші	байланыс нәтижелері
“Жұмабек Ташенов атындағы №23 IT мектеп-лицейі” КММ.	ББ жаңартылды
	Практика келісім шарттары түзілді
	Сауалнама алынды
"Мұстафа Шоқай атындағы №24 жалпы орта мектеп" КММ.	ББ жаңартылды
	Практика келісім шарттары түзілді
	Сауалнама алынды
“Қазыбек би атындағы №14 жалпы орта мектеп” КММ.	ББ жаңартылды
	Практика келісім шарттары түзілді
	Сауалнама алынды
Түркістан облысы, Әбдісалам Нұрмаханов атындағы олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.	ББ жаңартылды
	Практика келісім шарттары түзілді
	Сауалнама алынды
Түркістан қалалық №1 балалармен жасөспірімдер спорт мектебі.	ББ жаңартылды
	Практика келісім шарттары түзілді
	Сауалнама алынды

Түлек моделі

1	Жоғары этика мен парасаттылықты ұстанады.
2	Көптілді, мәдениетті және қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары
3	Ашықтық пен сыйластық қағидаттарын ұстанады.
4	Көшбасшы, жаңа мүмкіндіктер іздейді және шешім қабылдайды.
5	Кәсіби саласында білімді, инновациялық және бейімделгіш.
6	Өмір бойы білім алуға және ізденуге қабілетті.
7	Цифрлық және жасанды интеллект технологияларын меңгерген.
8	Жаңа идеялар ойлап табады, өзгерістер енгізуге ұмтылады.

ББ жақсарту ұсыныстары



1.Халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

1.Дуальді оқытуды ұйымдастыру.

1.Қосдипломды білім беру бағдарламасын дайындау.

1.Ғылыми жобалар дайындау бойынша біліктілігін арттыру.

1.Жас білікті кадрларды тарту.

1.Бейіндік пәндер бойынша ғылыми, оқу - әдістемелік әдебиеттер қорын көбейту.

1.ОПҚ және студенттердің академиялық ұтқырлық көрсеткіштерін арттыру.

2.ОПҚ-ның шет тілдерін меңгеру деңгейін көтеру.

3.ОПҚ-ның шетелде тәжірибе алмасу мен біліктілігін арттыру.

*НАЗАР ҚОЙЫП ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*